

Май аудандық Қоғамдық кеңесінің отырысы ХАТТАМА

Көктөбе ауылы

2025 жылғы «08» желтоқсан

Өткізілетін орыны: аудандық мәслихат ғимаратында, сағат 11.00.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Гүльнар Мукажанқызы Карманова

Қатысушылар:

- Қоғамдық кеңестің мүшелері (толық құрамда);

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар! Қоғамдық кеңес отырысын ашу жөнінде қандай ұсыныстарыңыз бар? Ашылсын деген ұсыныс түсті. Онда Қоғамдық кеңес отырысы ашылсын дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс жоқ. Рахмет. Қоғамдық кеңес отырысын ашық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне алдыңғы жиналыста кейінгіге қалдыруға ұсынған сұрақтар қайта шығарылып отыр. Күн тәртібі бойынша алып-қосарларыңыз бар ма? алып - қосарларыңыз болмаса, күн тәртібі бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс қалған жоқ. Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібі бекітілді.

- Қоғамдық кеңес отырысының регламентін бекітіп алуымыз керек баяндамашыларға 10-15 минут, жарыссөзбен хабарлама жасаушыларға 3-5 минутке дейін сөз беріледі. Қоғамдық кеңес отырысын үзіліссіз 1 сағат ішінде аяқтауымыз керек

Қоғамдық кеңес отырысының регламенті бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын, түсірулеріңізді өтінемін қарсы- қалыс жоқ регламенті бекітілді.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңестің мүшелері!

Енді күн тәртібіндегі 1-ші сұрақ бойынша, біз Май аудандық Қоғамдық кеңес туралы ережені бекітуіміз керек

Қоғамдық кеңес төрағасы: Жұмыс тобы «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 8-бабы 6-тармағы мен «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы бұйрығының 19 тармағы 5) тармақшасы негізінде жұмыс тобы Май аудандық Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ереженің негізінде Май аудандық Қоғамдық кеңесі ережесінің жобасын

әзірледі. Сіздер Ереженің жобасымен таныстыңыздар. (ортақ топқа электрондық нұсқасы алдын ала жіберілді)

Қоғамдық кеңес төрағасы: Май аудандық Қоғамдық кеңесінің Ережесінің жобасын дауысқа салуларыңызды сұраймын


Қоғамдық кеңес мүшелері ережені бекітуді дауысқа салып оның ішінде қолдағандар саны 6, қарсы болғандар саны 6. Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрайымының шешуші дауыс беруімен Ережені бекіту шешімі қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 8 бабы 6-тармағы мен «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы бұйрығының 19 тармағы 5) тармақшасы негізінде Май аудандық Қоғамдық кеңесінің **ережесі бекітілсін.**

Қоғамдық кеңес төрағасы: Күн тәртібіне қойылған Май аудандық Қоғамдық кеңес Ережесін бекіту толығымен қаралып шешім қабылданды. Екінші сұрақ бойынша комиссия атаулары, төрағалары мен мүшелерін сайлау сонымен қатар төралқа құрамын сайлау қаралмай кейінге қалдырылды. Осымен отырысты жабық деп жариялаймын. Қатысқандарыңызға рахмет!

Қоғамдық кеңес төрайымы  Г. Карманова

Қоғамдық кеңес хатшысы  А. Тауова